

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 желтоқсандағы N 1248 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 тамыз N 1215

"АКПО" акционерлік қоғамының конкурстық іс жүргізуін тиімді аяқтау мақсатында және оның мемлекеттің экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып , Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "АКПО" акционерлік қоғамы (Ақтау қаласы) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 желтоқсандағы N 1248 P981248_ қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"әкімшілік шығындар мен бірінші кезектегі кредиторлардың алдындағы міндеттемелердің төленбеген бөлігінің сомасына тең лот үшін ең төменгі бағаны; заңнаманың талаптарын ескере отырып бір ғана қатысушы жағдайында өткен лот бойынша сауда-саттықты тану мүмкіндігін";

2) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Конкурстық массаны сатып алушыларға:

2000 жылғы 1 желтоқсанға полистирол өндірісін жаңарту үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер қабылдауға;

сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап объекті мен қызметшілерді ұстау жөніндегі барлық шығындарды төлеу жөнінде міндеттемелер қабылдауға ;

сатып алу-сату шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасының Энергетика индустрия және сауда министрлігімен келісілген кесте бойынша үшінші кезектегі кредиторлардың талаптарын өтеу жөнінде міндеттемелер қабылдауға ;

сатып алушыда кәсіпорынның өндірістік қызметін жаңғырту туралы Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісілген инвестициялық бағдарламаның болуына қосымша талаптар көзделсін.";

3) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын бақылауды қамтамасыз етсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК